**Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**
**Сәуір айы, І-апта (29.03-2.04.2021ж)**

**Өтпелі тақырып:"Табиғатты қорғап үйренейік"**
**Апталық тақырып:"Аялайық гүлдерді"**
**Мақсаты:** Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты мейірімді сезімдерге тәрбиелеу. Жыл мезгілінің сипаттық белгілері туралы балалардың түсініктерін жүйелендіру, белгілерін еркін таба білуге үйрету.
**Міндеті:** Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, тіршілік иелеріне қамқор болып, аялауды ұғындыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 29.03.2021ж. | Сейсенбі 30.03.2021ж. | Сәрсенбі 31.03.2021ж. | Бейсенбі 01.04.2021ж. | Жұма 02.04.2021ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу** | 8.00-8.40 | Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, t өлшеу, тазалығын тексеру. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | | **Дидактикалық ойын**:"Бұл қандай түс?" **Мақсаты**:Балаларға түстерді ажырата білуге үйрету. | **Дидактикалық ойын:** "Бұл қай кезде болады?" **Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін атату | **Дидактикалық ойын:** :"Суретші қай жерде қателесті?" Мақсаты:Балаларды ң ойлау қабілеттерін дамыту,суреттегі сәйкессіздікті таба білуге үйрету. | **Санамақты үйрету:** **Мақсаты:**Тілдерін жетілдіру,санамақт ы жаттау,есте сақтау қабілетін жетілдіру | **Саусақ жаттығуы:** Сабындадық құлақты,атқан шақта жаңа таң. Міне,қандай қолымыз,міне қандай алақан. Соқтық міне алақан,аяғымыз билейді. Қуанғанда алақан алақанға тимейді |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | | **Ертеңгілік жаттығу кешені «Құстар қанат қағады»** | | | | |
| **Таңғы ас** | | Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру.Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | 8.40-9.15 | **Дидактикалық ойын:**"Ғажайып қалта" **Мақсаты**:сезім мүшелері арқылы заттарды ажырата білуге үйрету | **Дидактикалық ойын: "Кім не істейді?" Мақсаты:** Қажет сөздерді қолдана білуге үйрету. | **Дидактикалық ойын:"**Желаяқтар мен жәйбасарлар" **Мақсаты**:Балаларға әр түрлі жануарлар таратылып,оларды дұрыс ажырата білуге үйрету,шапшаңдыққа баулу. | **Дидактикалық ойын: "Бұл не?" Мақсаты:** Балаларды көрсетілген заттар мен ойыншықтарды атап, айтып бере білулеріне үйрету**.** Аз немесе көп мағыналарын түсіндіру. | **Дидактикалық ойын:**"Қай пішінге ұқсайды?" **Мақсаты**:Балалардың зейін қоюшылығын дамыту,түс,пішін айыра білуге үйрету. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырлған оқу қызметтері** | 9.15-10.20 | **1."Қатынас" Орыс тілі Тема:«Весенние цветы» Цель:** Расширить представления детей о цветах. Обогащать лексический запас за счет новых существительных и прилагательных. Развитие общих речевых навыков, Развивать зрительное восприятие, логическое мышление. Воспитывать любовь и бережное отношение к цветам, природе. **2."Таным". Математика негіздері Тақырыбы: «Құмырадағы гүл» Мақсаты:** Балаларды ұзын-қысқа, ұзындықтары бірдей сөздерін пайдаланып, ұзындықтары бойынша екі затты көзбен салыстыру әдістерімен таныстыру. Әр түрлі ойындар арқылы оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын | **2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлді баққа серуен» Мақсаты:** Гүлдер, ағаштар ,өсімдіктер мен таныстыра отырып, Шектелген алаңда денесін тік ұстауды сақтап, алдына қарап, көлбеу тақтаймен жүру. Қол мен аяқ қимылын үйлестіре білу. Еңбектей білуді бекіту. **3."Шығармашылық Музыка Тақырыбы: «Күнбағыс»** (Ж. Мұхамеджанова) **Мақсаты:** Тақырып бойынша әнді қайталау арқылы көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеуді және ән айту қабілеттерін ары қарай дамыту. | **1. "Денсаулық" Дене шынықтыру. Тақырыбы: : «Әдемі гүлдер» Мақсаты:** Қысқа қадам жасап, жүгірістің бағытын сақтап баяу қарқында жүгіру. Шектелген алаңда тепе-теңдікті сақтап, көлбеу қойылған тақтайдың үстімен жүре білуді бекіту. **2. "Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: "Гүлдер, гүлдер, әсем гүлдер" Мақсаты:** Балаларды бөлме гүлдерімен таныстыру. Бөлме гүлінің бөлшектерін (тамыры, сабағы, жапырақтары, гүлі) танып атауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өсу реттілігін көрсетіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Гүлдерді баптап,аялауға үйрету. Бөлме гүлдері мен дала гүлдерін ажырата білуге дағдыландыру. | **2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: : «Гүлге су құю» Мақсаты:** Тірі табиғат туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, қол мен аяқ қимылын үйлестіре білу. Еңбектей білуді бекіту. Шектелген алаңда тепе-теңдікті сақтап, көлбеу қойылған тақтайдың үстімен жүре білуді бекіту **1."Шығармашылық Музыка: «Күнбағыс»** (Ж. Мұхамеджанова) **Мақсаты:** Тақырып бойынша әнді қайталау арқылы көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеуді және ән айту қабілеттерін ары қарай дамыту. | **1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жауқазын» Н.Айтов Мақсаты:** Балаларды өлең жолдарын жаттауға жаттықтыру. Өлеңнің мәнісін түсініп айтуға, 2-3 сөйлемнен айтуға дағдыландыру. **1."Таным". Құрастыру. Тақырыбы: «Бақбақ»** Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, түрлі – түсті қағаздарды пайдалана отырып, бақбақ гүлін жасай білуге үйрету, гүлдерді аялауға тәрбиелеу. **Әдіс-тәсіл**: 1.Амандасу. 2.Жұмбақты шешу.. Өзі сондай нәзік, Су құйсаң кетеді. Алақаның жайып. 3.**"Жауқазын"** туралы **Нәсіпбек Айтов** өлеңін |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арттыру.<br>**Әдіс-тәсіл**:<br>1.Саусақ жаттығуы.<br>2.Кіріспе әңгіме:Көктем мезгілі туралы қайталау.<br>3.Ғажайып сәт:Ішке бір бала келеді.Апасына бару үшін жол сұрайды.Кемпірдің жұмбақтап айтқан тапсырмасын айтады.<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Д/ойын:"Моншақтарды жіпке тіз"<br>6.Сұрақ-жауап,мадақтау. | | **2."Шығармашылық" Сурет салу**<br>**Тақырыбы: : «Бақбақ гүлі»**<br>**Мақсаты:** Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салуды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсіл:**<br>1**.**Амандасу.<br>2.Кіріспе әңгіме:Қурап жатқан ж/е тірі гүлді салыстыру.<br>3. Тәжірибе**:** стақанға боялған қызғылт суға, ақ мата батырып көрсету.<br>4.Сергіту сәті.<br>5. Бақбақ гүлінің басын сары түсті гуашьқа батырып, бірінің үстіне бірін бастыру арқылы салғызу.<br>6.Сұрақ-жауап,мадақтау. | | оқып беру.<br>4.Д/ойын:"Гүлдерді құрастыр."<br>5.Түрлі-түсті қағаздардан бақбақ гүлін құрастыру.<br>6.Сергіту сәті.<br>7.Сұрақ-жауап,мадақтау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | 10.20-10.40 | Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** | 10.40-12.00 | **1.Құстарды бақылау.**<br>Мақсаты: Жылы жақтан ұшып келетін құстар туралы түсінік беру.<br>**2.Еңбек:**Құстарға жем беру.<br>**3.Қимылды ойын:** "Ұшты-ұшты"<br>**4.Жеке жұмыс:** Айбибіден пішіндерді сұрау.<br>**5.Еркін ойындар** | **1.Аспанды бақылау.**<br>**Мақсаты:**Ашық болса,көгілдір, күн ашық. Бұлт жапқан болса, аспан көңілсіз, сұр болып тұрады<br>2.**Еңбек**:Ойын алаңын реттеу.<br>3.**Қимылдыойын**:" Мысық пен тышқан<br>**4.Жеке жұмы**с: Ақылбекке сөйлем сөздерін айтқызу.<br>5.**Еркін ойындар** | **1.Ғимаратты бақылау.**<br>**Мақсаты:**Биік,аласа ұғымдарын пысықтау.<br>2.**Еңбек:**Ойын алаңын тазалау.<br>**3.Қимылдыойын:** "Поезд"<br>**4.Жеке жұмыс:** Аяна мен Мадинадан пішіндерді сұрау<br>**5.Еркін ойындар.** | **1.Көктем мезгілін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту<br>**2.Еңбек:** Құстарға жем беру.<br>**3.Қимылды ойын:** "Жалаушаға жет"<br>**4.Жеке жұмыс:** Айзере мен Айбибіге аттарын айтқызып үйрету<br>**5.Еркін ойындар.** | **1.Аула жинаушы апайдың еңбегін бақылау.**<br>**Мақсаты:** үлкеннің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**2.Еңбек**:Ауланы реттеу.<br>**3.Қимылды ойын**:"Аю апанында ".<br>4.**Жеке жұмыс:** Дарынға балалармен бірге ойнауға дағдыландыру<br>**5.Еркін ойындар** |
| **Серуеннен оралу** | 12.00-12.20 | Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | 12.20-13.00 | Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |
| | | "Қасқыр мен жеті лақ" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату. | Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу. | Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу. | "Қызыл телпек"ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу. | Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары** | 15.10-15.40 | Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұ стап түсіру. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.10 | Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар** | 16.10-16.30 | **Вариативтік компонент:"Сиқырлы әлем!"** **Тақырыбы:** "Гүл шоғы". **Мақсаты**:Гүл шоғын қағаздан бүктеп құрастыруды үйрету. Әр баланың гүлінен бірнеше гүл жинақтап, гүл шоғын жасау. Жақындары мен айналасындағы адамдарға қуаныш сыйлауға құштар болуға тәрбиелеу Дарынға суреттер арқылы сөйлету. | **"Ай дидарлы анашым"** атты әнді балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету,есте сақтау қабілетін арттыру. Айназғасөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауды үйрету | **Фланенеграф театры** арқылы"Үйшік"ертегісін сомдау. **Мақсаты:**Балалардың назар аударып тыңдауға қызығушылығын арттырып,есте сақтау қабілетін арттыру. Аружан мен Айзереге жыл мезгілдерін үйрету. | **Мозайка құрастыру**. **Мақсаты**:Ұсақ қол моторикасын дамыту,жасаған жұмысын аяғына дейін бітіру. Нұрасыл мен Аминатқа заттарды, суреттерді қарастыруда, сұрақтарға жауап бере білуге үйрету | **Дидактикалық ойын:**"Көп және біреу." **Мақсаты**:көп және біреу қатынастарын білуге,заттардың тең,тең емес топтарын салыстыруға үйрету Айбибіге сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | 16.30-16.50 | Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу. | | | | |
| **Серуен** | 16.50-17.50 | **Кешкі ауа-райын бақылау.** **Қимылды ойын:** "Жалаушаға жет" **Мақсаты:**Балаларды ұйымшылдыққа**,** шапшаңдыққа үйрету. **Еркін ойындар** | **Күннің батып жатқанын бақылау** **Қимылды ойын:** "Қуып жет" **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Еркін ойындар** | **Ауа-райының өзгергенін бақылау.** **Қимылды ойын:** "Қай жерден дыбыс шығады" **Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, | **Ағаштарды бақылау.** **Қимылды ойын:** "Мысық пен тышқан" **Мақсаты**:Балаларды ұыймшылдыққа,шапшандыққа үйрету.Ойынды ойын | **Құстарды бақылау** **Қимылды ойын:** "Ұшақ" **Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету **Еркін ойындар** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету.<br>**Еркін ойындар.** | барысында түсіндіру.<br>**Еркін ойындар.** | |
| **Серуеннен оралу** | 17.50-18.00 | Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | 18.00-18.30 | Ата-аналарға балаларының төлем ақысын төлеуін ескерту. | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруін ескертіп айту. | Ата-аналарға балаларының тәртібі туралы әңгімелесу. | Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. | Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу. |